



Исламда
жемқорлықтың
үкімі қандай?

- Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.



- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа байланысты (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық), Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 2 шілдесінің «Сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында ескерілген, сонымен қатар басқа да заңда бекітілген сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті еліктіретін іс-әрекетке байланысты тәртіптер.

- Ислам діні сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жеке тұлғалық және ұжыммен бірлесе жүзеге асырған. Шариғаттағы жемқорлықтың үкімі - **харам**.



- Яғни, үзілді-кесілді тыйым салынған. Асыл дінімізде жемқорлық үлкен күнәлар қатарына жатады.
- Жалпы, Ислам шариғатында кез-келген мәселенің үкімі - Құран аяттары мен хадиснама деректеріне жүгіне отырып шығарылады.



- Бұл жөнінде Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде (Мәида сүресі, 42-аят): «Олар өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер. (Мұхаммед Ғ.С.) егер олар саған келсе, араларына үкім бер, немесе олардан жүзінді бұр. Егер олардан жүз бұрсаң, олар саған ешбір зиянын тигізе алмайды. Ал егер араларына үкім берсең, тура үкім бер. Шәксіз Алла турашылдарды сүйеді», -деген.



- Аяттағы «арам жеушілер» дегені - өзгенің мал-мүлкін иемденіп, ақысын жегендер. Ал тәпсірнама деректеріндегі Сағид Бин Жубайр: «Мұнда жемқорлық турасында айтылған»,-деп түсінік берген.
- Енді бір аят жолында Алла Тағала (Бақара сүресі,188-аят):
- **«Араларыңдағы малдарыңды арам жолмен жемендер. Сондай-ақ біле тұра адамдардың малынан бір бөлігін жеу үшін билерге апармандар»,-делінген. Мұндағы аят жолында мағынасы ашық келген.**

Ислам дінінде пара беру де күнә санала ма?


- Тәпсір дереккөздерінде Абдулла Ибн Омар (р. а): **«Пайғамбарымыз (с.ғ.с) пара берушіні де, пара алушыны да лағнеттеген»**, -деп тұжырымдайды (Ат-Тирмизи). Сондай-ақ, параны талап етіп, оны қабыл алып, сондай-ақ қолдау көрсеткен пара алушы мен беруші арасындағы тасымалдаушы дәнекердің ісі де қарғысқа ұшырағандардың әрекетіне жатады. Демек, сыбайлас жемқорлық барысында пара беруші мен алушы арасында делдал болуға да тыйым салынған



Халқымыз парақорлыққа қатысты қандай ұстанымды ұстанған? Қазақтай текті де турашыл халықта осынау жаман қылықтан тыятын, әділдікке шақыратын адамдар болды ма?

- Әлбетте, болған! Мұны дана халқымыздың «*Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ*» деген ұлағатты сөздерінен-ақ байқауға болады. Олардың әділдік пен туралықты ту еткендігіне қазақтың үш тұғыры - Төле, Қазыбек және Әйтеке бидің, одан басқа да би-шешендердің өнегеге толы өмір-ұстанымдары бірден-бір дәйек болмақ.





- Сонымен Ислам діні сыбайлас жемқорлық пен пара берудің қандай да бір түріне Құран мен сүннет дәйектеріне сай қатаң тыйым салып, тіпті, ауыр күнәлар санатына жатқызған. Шариғат шеңберіндегі тыйымдардың барлығы адам мен қоғамның дамуына негізделген. Аллаға шынайы құлшылық-ғибадат жасап, айтқандарын бұлжытпай орындауға ден қойған жанның үйіне құт-береке ұялайды. Кез-келген жан сыбайлас жемқорлық сынағына ұшыраған сәтте лезде Алланы еске алып, қиямет күніндегі халін ескерсе, отбасындағы Алланың берген берекесін ұмытпай, әрдайым шүкіршілік қылса, оған да Алланың төгер мейірімі шексіз.

